

ЭССЕ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті», «Тілдер» мектебі және «Әлеуметтік мәдени даму» бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай «Тіл – достық көпірі» (қазақ тілінде), «Язык – мост дружбы» (орыс тілінде), «Language is a bridge of friendship» (ағылшын тілінде), «Dil, Dostluk Köprüsü» (түрік тілінде) тақырыбында эссе байқауын өткізеді.

Байқау мақсаты – тілді үйренуді ынталандыру, еліміздегі этномәдени өкілдері мен жастарына көп тілді меңгерудің маңызын насихаттау.

Байқауға қатысуға **университетіміздің студенттері шақырылады.**

Эссе байқауына автордың «Қазақ елінің патриоты болу», «Қазақстан халықтарының тілі – достық, бейбітшілік және келісім тілі» болу керек т.б. деген көзқарасын көрсететін «Тіл – достық көпірі» (қазақ тілінде), «Язык – мост дружбы» (орыс тілінде), «Language is a bridge of friendship» (ағылшын тілінде) «Dil, Dostluk Köprüsü» (түрік тілінде) тақырыбы бойынша өз бетінше жазған шығармашылық жұмыстары жіберіледі.

Байқау нәтижесінде үздік танылған эсселер ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

ЭССЕ БАЙҚАУЫНЫҢ ТӘРТІБІ

1. Байқауға қатысу үшін жазылған еңбек erjan.paizullaev@iuth.edu.kz электронды поштасына 2023 жылдың 27 қыркүйегін қоса алғанда жіберілуі тиіс;
2. Бір қатысушыдан бір эседен артық жіберуге болмайды;
3. Эссенің жазылу тілі – студенттің еркінде.

ЭССЕГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Байқауға ұсынылатын эсселер мазмұны мен рәсімдеу бойынша мынадай талаптарға сай болуы керек:

- сайыс тақырыбына сәйкес келу;
- автордың жеке ұстанымын, ерекше идеяларын және эссе тақырыбының жан-жақты ашып көрсету;
- автордың өз пайымдауларын негіздеу қабілетін көрсету.

2. Жұмыс Word форматында: интервал 1,0; Times New Roman шрифті, 14 пт. Жұмыс көлемі – 2 парақ. Дәйексөздерді, басқа да пікірлерді пайдаланған кезде сілтемеде мәлімдеменің қайнар көзі көрсетіледі.

3. Эссенің титулдық бетін рәсімдеуге қойылатын талаптар:

- оқу орнының толық атауы;
- тақырып;
- автор туралы мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты, курсы, тобы, байланыс телефоны, электрондық поштасы;

Осы Ереженің талаптарын бұза отырып жасалған эсселерді байқаудың комиссия құрамы қарамауға құқылы. 2023 жылдың 27 қыркүйегінен кейін түскен эсселер қарастырылмайды!!!